

Г.И. Уайсова, А.С. Бесірова

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

## ДИКТАНТТАР ЖИНАҒЫ

Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып  
мұғалімдеріне арналған

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының  
сарапшыларымен келісілді



Алматы «Атамұра» 2018

ӨОЖ 373  
КБЖ 74.268.1  
У 12

**Уайсова Г.И. т.б.**  
**У12 Қазақ тілі. Диктанттар жинағы. Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғалімдеріне арналған/Г.И. Уайсова, А.С. Бесірова. – Алматы: Атамұра, 2018. – 48 бет.**

ISBN 978-601-331-093-0

ӨОЖ 373  
КБЖ 74.268.1

ISBN 978-601-331-093-0

© Уайсова Г.И., Бесірова А.С., 2018  
© «Атамұра», 2018

## ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

### МӨТІН ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

#### Тіл және сөйлеу

##### Сөздік диктант

Ауызша, әдеби, мемлекеттік, хабарлама, ақпараттық, рухани, бейнелі жазу, құдіретті, технология, шешен, сауатты, ұлтжанды.

##### Өздік диктант

Адам өмір бойы өзіне құпия, сыры беймәлім нәрселерді білуге құштар. Білімді тек мектептен, оқу орындарынан ғана емес, айналадағы қоршаған ортадан да алуға болады. Адам алған білімін жақсылыққа жұмсаса, өзінің де, айналасындағы адамдардың да өмірі жарқын бола түседі.

\* \* \*

Табиғат дегеніміз – өсімдік, жер, тау, ауа, аспан, күн, өзен, теңіз, құс, аң. Біздің тіршілік ортамыз. Олардың барлығы – табиғаттың бізге берген үлкен сыйы. Табиғаттың сыйын аялау, оған қамқорлық жасау – әрбір адамның міндеті.

##### Терме диктант

1. Оқушылар өлеңді хормен дауыстап оқыды. 2. Марал құрбысына хабарлама жазды. 3. Біз бүгін мазмұндама жаздық. 4. Анарға әжесі қызықты ертегі айтып берді. 5. Айнұр әскердегі ағасына хат жазды. 6. Жасан әкесіне ашықхат дайындап, тілектер жазды.

• *Жазбаша сөйлеу жүзеге асырылған сөйлемдерді теріп жаздыру.*

##### Шығармашылық диктант

... – әр халықтың өз төл белгісі. Әрбір адам өз ана тілімен бақытты. Өмірге келген күннен бастап бұл тілді анамыздың ауызынан ... . Осы тіл арқылы бүкіл жақсы қасиеттерді бойымызға ... . Сондықтан да анамыз ... тілді ана тілі дейміз.

**Керекті сөздер:** ана тілі, естиміз, жинаймыз, сөйлеген.

• *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаздыру.*

\* \* \*

Біз халықтың жан дүниесін ана тіліміз арқылы танып білеміз. Біздің ана тіліміздің байлығы ұрпақтан-ұрпаққа жазу жоқ кезеңде шешендік сөздер, ертегілер, аңыздар, ауыз әдебиеті арқылы жеткен. Мысалы, батырлар жыры. Батырлар туралы жырланған жырларды эпостық жырлар дейміз. Бұлардың барлығы ауыз әдебиеті арқылы тараған. Мен Ер Тарғын, Ер Төстік, ...

- *Мәтінді әрі қарай жалғастырту.*

### **Қаратпа сөз және қыстырма сөз**

#### **Көру диктанты**

Күлдірген-ай, Күлдірген!  
Жуамын деп еденді,  
Үйдің ішін бүлдірген.  
Әй, Күлдірген, Күлдірген!

*Әнуарбек Дүйсенбиев*

- *Мәтіннен қаратпа сөзді тапқызу.*

Осынау үйде қалайда,  
Бар-ау, сірә, сыр бөтен.

*Аманжол Шамкенов*

- *Қыстырма сөзді тапқызу.*

#### **Терме диктант**

– Әже, сіз Жәми ақынның «Ескендірнамасын» оқыған ба едіңіз? – деді.

– Қарағым, оны неге сұрадың?

Шоқан жымыып:

– Әже, Ескендірдің шешесі ақылды болған екен. Ескендірді данышпан ғалымның қолына беріп оқытыпты.

*Сапарғали Бегалин*

- *Қаратпа сөздерді теріп жаздыру.*

### **Нағашымен кездесу**

Ілияс нағашым мені танымады. Оңашада жөнімді айтып, танытып алайын дедім.

- Мені танысыз ба?
- Шырағым, жаңылып қалдым ба, таныңқырамадым.
- Шын танымайсыз ба?
- Рас, танымадым.
- Сәкенді білуші ме едіңіз?
- Қай Сәкен? Сейфолланың Сәкені ме? Әрине, білем.
- Ендеше, сол Сәкен – менмін, – дедім.

Нағашым селк ете түскендей болды.

Бәрібір танымады, нанбады. Он шақты айдың ішінде түріме он жылдық өзгеріс енгенін өзім де, шыны керек, сонда ғана білдім. Ақыры, менің Сәкен екенімді білген соң, нағашым байғұс жылады:

- Қарағым, қандай күйге түскенсің?! – деді.

*Сәкен Сейфуллин*

- *Қыстырма сөздерді теріп жаздыру.*

### **Бақылау диктанты**

#### **Айтыс**

Тіл – рухани байлықтың баға жетпес құдіретті, қуатты қайнар бұлағы. Біздің тіліміз бай. Той, жиындар айтыссыз өтпеген. Айтыс – суырыпсалма ақындардың сөз жарысы. Айтыскерлер орынды өзіл-қалжыңды тапқырлықпен қолдана біледі. Айтыс – атадан қалған мұра, ауыз әдебиетінің бір түрі. (35 сөз)

#### **Шарын**

Шарын – Алматы облысындағы ең көрікті жердің бірі. Көне түркі тілінде «чаран» сөзі «арынды, тасқынды өзен» дегенді білдіреді. Атау қойылған заманда бұл өзеннің ағысы тасқынды, қатты болған. Қазіргі уақытта өзеннің бұрынғы арнасы қолмен қойғандай тік жарларға айналған. Оның өдемілігі Америкадағы каньондардан да асып түседі. (43 сөз)

*«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан*

#### **Жұмбақтас**

Бурабайдың қалың қайыңдары мен қарағайларының арасында Күміскөл жатыр. Сол көлдің ортасында өдемі көрініс беретін жартас түр. Әр қырынан қараған сайын бұл жартас мың құбылады. Өртүрлі жұмбақ мүсінді елестетеді. Бір қырынан қайыққа ұқсайды. Екінші жағынан шашын жайған ару қыз көрінеді. Сондықтан халық оны «Жұмбақтас» деп атап кеткен. (45 сөз)

*«Сен білесің бе?» энциклопедиясынан*

## Құмырсқалар

Дүниеде бал беретін құмырсқалар кездеседі. Олар аралар сияқты жер кезіп, бал жинайды. Құмырсқа балы қышқыл болады. Одан салқын сусындар, емдік дәрі-дәрмектер жасалады. Тіпті бал беретін құмырсқаларды ауызға салып, шекілдеуікше шағып жейтін де ел бар. Олар балды аралар тәрізді ұяда емес, өз бойларында жинайды. (43 сөз)

## ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

### Ә, ө, ф дыбыстары

#### Сөздік диктант

Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым, өсек, өгірік, мақтаншақ, еріншек, мал шашпақ.

\* \* \*

Электр, эстрада, аэроклуб, эмблема, экскаватор, аэроплан, эстафета.

\* \* \*

Киев, велосипед, волейбол, вальс, трамвай, троллейбус, вагон, эвкалипт.

\* \* \*

Футбол, лифт, телефон, фабрика, кофта, микрофон, Фарида, фарфор.

• *Сөздердің мағынасын түсіндіру.*

#### Көру диктанты

Бір-біріне тізілген  
Вагондары түр неше.  
Темір жолмен жүгірген  
Пойыз – үлкен бір көше!

*Серікбай Оспанов*

• *В әрпі бар сөздердің астын сыздыру. Бұл сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыру.*

\* \* \*

Футбол деген ойынға  
Барлық бала құмар-ақ.

Бірақ жолдың бойында  
Доп тепеңдер қуалап.

*Абдырахман Асылбеков*

• **Ф** әрпі бар сөздің астын сыздыру. Бұл сөздің айтылуы мен жазылуын салыстыру.

\* \* \*

Жақсымен дос болсаң, жетерсің мұратқа,  
Жаманмен дос болсаң, қаларсың ұятқа.

\* \* \*

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен.

\* \* \*

Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын.

• *Мақалдардың мағынасын түсіндіру.*

### Шығармашылық диктант

Аулада ...онтан бар. 2. Бұл – темір жол ...окзалы. 3. ...ари-  
да ...ерғанада тұрады. 4. Менің анам ...ермада істейді. 5. Дос-  
...олдың атасы – шо...ан.

• *Көп нүктенің орнына б-в, п-ф әріптерінің тиістісін қойып жаздыру.*

### Терме диктант

#### Фельдшер

Фельдшер –  
Кіші дәрігер.  
Фельдшерде дәрі мол.  
Фабрика,  
Фермада,  
Фельдшерді алды танып ел.

*Өтепберген Ақыпбекұлы*

• **Ф** әрпі бар сөздерді теріп жаздыру.

\* \* \*

Бірде Қазыбек би:

– Өнет баба, не іздеп жүрсіз, кімді іздеп жүрсіз? – деп сұрапты.

– Өзімді іздеп жүрмін, шырағым, – деп жауап беріпті Өнет баба. Жас Қазыбек ештеңені ұға алмай, аңтарылып тұрып қалыпты.

– Түсінбегеніңді біліп тұрмын, қарағым. Оның мәнісі мынау – адам баласы Алланың өмірімен жарық дүниеге келгенде пәк, адал, таза күйінде келеді. Өсе келе өрнені көреді, естиді, жақсыға да, жаманға да бойұрады. Жас өтіп, дүниенің қызығы басылған соң, ештеңенің керегі жоқ, балам, – дейді.

- *Мәтіннен қаратпа сөздерді теріп жаздыру.*

### **Ч, щ, ц дыбыстары**

#### **Сөздік диктант**

Чемпион, чек, почта, щётка, ащы, тұщы, щи, борщ, плащ.

\* \* \*

Цирк, цемент, центнер, мотоцикл, целлофан, концерт, циркуль, цифр, цилиндр.

- *Сөздердің мағынасын түсіндіру.*

#### **Көру диктанты**

##### **Балқаш көлі**

Демін татып үлгердім,  
Балқашқа мен де мың келдім.  
Жартысы тұщы суының,  
Жартысы ащы суының.

*Мұзафар Әлімбаев*

- *Щ әрпі бар сөздердің астын сыздыру. Бұл сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыру.*

\* \* \*

##### **Өтірік өлең**

Цейлондық піл түймелі  
Цыган биін биледі.  
Циркте оған қол соқты,  
Це-це шыбын күймелі.

*Р. Өтегенов*

- *Ц әрпі бар сөздердің астын сыздыру.*



### Өтірік өлең

Чукча бала түнде де  
Чук есімді бүргеге  
Чемоданын артып ап,  
Чили жақта жүр неге?

*«Балдырған» журналынан*

\* \* \*

Чемпионның атағы  
Елдің атын шығарар.  
Жүйрік аттың жеңісі  
Ердің атын шығарар.

*«Үй жануарлары» кітабынан*

### Терме диктант

Цементке расында  
Целлофан қап жарамас.  
Центнерлеп тасуда  
Цистернадай бола алмас.

*«Балдырған» журналынан*

• *Ц әрпі бар сөздерді теріп жаздыру.*

### Ескерту диктанты

#### Цирк

Ағай мені циркке апарды. Онда біз сайқымазақтар ойынын көрдік. Циркте басқа да ойын түрлері болып тұрады. Цирк ойындары қызық.

#### Цех

Цехта көп станок бар. Цехта істеушілер мәшиненің бөлшектерін өңдейді. Оны кеседі, жонады.

\* \* \*

Көлдің суы **ащы**. Оны мал ішпейді. Мына құдықтың суы **тұщы**. Мал осыдан ішеді.

Жусан – ащы шөп. Оны қой, ешкі жақсы жейді.

• Қарамен жазылған сөздердің айтылуы мен жазылуын салыстыру.

### Өздік диктант

Жамандықты көп қуған  
Бір пәлеге жолығар.  
Жақсылықты көп қуған  
Бақ-дәулетке молығар.

### *X, h* дыбыстары

### Сөздік диктант

Қаһарман, гауһар, жаһан, жиһаз, қаһар, қаһарлы, хикая, хабар, хат, хоккей, халық, шахта, тарих, мәслихат, шахмат.

### Терме диктант

Хайуанаттар әр күні  
Хабар тосып қалғыды.  
Хат келген соң,  
Х әрпін  
Хан сайлады барлығы.

*«Балдырған» журналынан*

• *X* әрпі бар сөздерді теріп жаздыру.

\* \* \*

Ей, Қаһарман, Қаһарман,  
Келдің қандай шаһардан?  
Айдаһармен алысып,  
Қорықпайсың заһардан.

*«Балдырған» журналынан*

• *h* әрпі бар сөздерді теріп жаздыру.

### Ескерту диктанты

### Қаһарман

Қазақ халқы – қаһарман халық. Қазақ халқының Қабанбай, Наурызбай сияқты қаһарман батырлары көп болған. Әлия Молдағұлова

мен Мәншүк Мәметова сынды қаһарман қыздары да аз емес. Қазіргі кезде ерлік жасаған адамдарға **Халық қаһарманы** атағы беріледі.

- *Қарамен жазылған сөздердің жазылуын байқату.*

## СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

### Сөздік диктант

Ізет, әдептілік, инабат, ілтипат, парасат, сыпайылық, сыйлау, адамгершілік, адамдық, қайырымды, кішіпейіл, жанашыр.

\* \* \*

Сәлемдесу, кешіріңіз, рұқсат, ғафу өтінемін, қайырлы, рақмет, алғыс, қолғабыс, жәрдем ету.

### Көру диктанты

#### Әдеп

Сыйластықты іздеген  
Әдеп сақтар ізгі өрен.  
Сыпайылық белгісі –  
Үлкендерге «сіз» деген.

*Арасанбай Естенов*

\* \* \*

#### Бес нәрсеге асық бол!

Тәрбиенің асқары –  
Абай атам табынған.  
Әдептілік бастауы –  
Бес асыл боп табылған.

*Арасанбай Естенов*

- *Сыпайылық, әдептілік белгісі болып табылатын сөздердің астын сыздыру.*

### Терме диктант

Әділет ағатайым келем деген уақытынан кешігіп келді. Ол атамды аймалай құшып амандасты:

- Кешіріңіз, ата, кешігіп келдім...

- Айыбы жоқ, балам, «Жолаушының жолы біледі» деген.
- Ғафу етіңіз, Сізге сыйлайтын сыйлығым көңілдегідей емес.
- Оқасы жоқ, ботам! «Ізетке найза бойламайды» деген. Маған деген ілтипатың бәрінен де қымбат.

• *Сыпайылықты білдіретін сөздерді теріп жаздыру.*

### **Жақсы сөз – жарым ырыс**

Бір ғана сөздің өзін бірнеше түрлі етіп айтуға болады. Бір сөзді орынсыз айтып қалу адамның жанын жаралауы мүмкін. «Сөз сүйектен өтеді» деп бекер айтпаған. Ал кейде орнымен айтылған сөз адамның жанын жадыратады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақал содан шыққан.

• *Мәтіннен нақыл сөздерді теріп жаздыру. Мағынасын түсіндіру.*

### **Шығармашылық диктант**

Апам мені: «...» дейді,  
 Мен мұңайсам, ... жейді.  
 Апам мені: «...» дейді,  
 Мен қуансам, күлімдейді.

**Керекті сөздер:** уайым, күнім, айым.

• *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаздыру.*

\* \* \*

Ауыз көркі – ... ,  
 Тілдің көркі – ... .  
 ... – тілдің қамалы.  
 ... ойлағанды тіл тындырады.

**Керекті сөздер:** ми, тіс, тіл, сөз.

• *Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, мақалдарды толықтырып жаздыру.*

### **Бақылау диктанты**

### **Цифр**

Цифр – сандарды белгілеуде қолданылатын шартты таңба. Арабтар әуелде цифр деп нөлді ғана атаған. Қазір одан басқа сандардың

таңбаларын да цифр дейді. Өр халықтың сандарды белгілейтін таңбалары түрліше болған. Ескі цифрдың ішіндегі қазірге дейін қолданылып келе жатқаны – рим цифрлары. (38 сөз)

### **Бүркіт**

Бүркітті қазақ халқы ертеден қадірлейді. Бүркіт екіден артық жұмыртқаламайды. Ол ұясын ең биік ағаштың басына, тау шыңдарының ең биігіне, жел мен аяздың өтіне салады. Сондықтан бүркіттің балапандары ыстық пен суыққа шынығып, сомдалып өседі. Тау бүркіті қырағы, өжет болады. Тау бүркітін қазақ ерекше бағалаған. (43 сөз)

### **Фермада**

Жадыраған жаз. Ұжымшардың сиыр фермасы тау қойнауында еді. Сиырлар көк шүйгін шөпке құныға жайылып жүр. Мұнда малшылар да әбден рақатқа батты. Ашық аспан. Ақ бас таудың таза саф ауасы. Көк жүзінде қараторғай өуелете әнге басады.

Ахмет сиырларды кешкі сауымға айдап әкелді. Сауыншылар сиыр саууға кірісті. (45 сөз)

*«Балдырған» журналынан*

## **УАҚЫТ**

### **СӨЗ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҒЫНАСЫ**

#### **Сөздік диктант**

Тәулік, минут, секунд, таңертең, шаңқай түс, кешқұрым, іңір, беймезгіл, алагеуім.

\* \* \*

Таң, бесін, екінті, ақшам, құтпан, намаз, ораза, рамазан, ғибадат, күнтізбе.

\* \* \*

Жазғытұры, жаздыгүні, қыстыгүні, күздігүні, сөске, ымырт, бейуақыт, таң сәрі.

\* \* \*

Басшы, бастық, бастау, басшылық, басқару, басқарма, бастама, баспалдақ, баспахана, бассыздық.

## Көру диктанты

Сағат сырт-сырт санап тұр:  
Уақыт өтіп барады! –  
Деп ол сынай қарап тұр  
Салғырт, жалқау балаға!..

*Байбота Серікбайұлы*

\* \* \*

Үй салайық сәнді, кең,  
Топырақ үй алдымен.  
Құмды еле де,  
**Тас тасы,**  
Дайын тұрсын қақпасы.

*Өтепберген Ақыпбекұлы*

• *Қарамен берілген сөздердің мағынасын түсіндіру.*

\* \* \*

Ерте шықсаң, алдыңнан күн шығады,  
Кеш шықсаң, алдыңнан түн шығады.

• *Мағынасы қарама-қарсы сөздердің астын сызу.*

\* \* \*

Шын іскер – жұмыскер,  
Жұмыскер – шын іскер.  
Жұмысты кім істер,  
Жоқ болса жұмыскер.

*Өтепберген Ақыпбекұлы*

## Өздік диктант

Күн аттары: бүгін, ертең, бүрсігүні, арғы күн, ауыр күн, соңғы күн.

\* \* \*

Мезгіл өлшемдері: елең-алаң, таң бозара, таң ата, күн шыға, күн арқан бойы көтеріле, сәске түс, түс ауа, күн бата, кеш, қас қарая, түн ортасы.

## Терме диктант

### Тіл

Ащы, бірде төттісің,  
Жұмсақ, бірде қаттысың.  
Жарылқайсың досыңды,  
Жасытасың жат күшін.

Тапқыр тілім, қайдасың?  
Көрсет сөздің пайдасын.  
Жақсылықты жаңғыртып,  
Үнің өсем сайрасын.

*Қабыл Боранбаев*

- *Мағынасы қарама-қарсы сөздерді жұптап жаздыру.*

\* \* \*

Абзал көрші балалармен шаңқай түстен кешке дейін ойнады. Қас қарайғанда үйге бір-ақ кірді. Ымырт үйірілгенде тамағын іше салып, ұйықтап кетті. Түн ортасы ауғанда оянды. Ұйқысы қанып қалыпты. Күндізгі ойнағандарын есіне алып жатып, қайта ұйықтап кетіпті. Таң ата атасының:

– Тұра ғой, балам, – деп еркелете сөйлеген дауысынан оянды. – Жігіт адам тал түске дейін жата ма екен? Қой өргізіп қайтамыз, тамағыңды іше ғой, – деді атасы.

- *Мәтіннен уақыт өлшемдерін көрсететін сөздерді теріп жаздыру.*

### Шығармашылық диктант

Кім білмейді атамды,  
Ең алдыңғы қатарлы.  
Озат шопан **атанды**,  
Бәйгеге алды **атанды**.

- *Қарамен жазылған сөздердің мағынасын түсіндіру. Сол сөздерді қатыстырып, өз сөйлемдерін жаздыру.*

\* \* \*

Ұзын тұра Самат пен төпелтек Алмат шекісіп қалды.

– Бірінші бастаған сенсің, – деді Ұзын тұра.

– Өтірікті соқпа, сен бастадың, – деді Алмат.  
– Ауызыңды жап, енді сенімен дос болмаймын. Сен түгіл кәрі шал Мұқаннан да қорықпаймын! – деп ерегісе түсті Ұзын тұра.

• *Мәтіндегі дәрекі сөздерді сыпайы сөздермен алмастырып жаздыру.*

**Керекті сөздер:** ұзын бойлы, аласа бойлы, сен қателесесің, үндемей-ақ қой, қария.

## ТҮБІР МЕН ҚОСЫМШАНЫҢ ЖАЗЫЛУЫ

### Сөздік диктант

Көгершін, құндыздар, шежіреші, теңізші, мүсіншілер, жұмыскер, күрішші, көкемдер, ақылды, мейірімді, дойбышылар, көкектер, көбелектер.

### Көру диктанты

Өнер-білім бар жұрттар  
Тастан сарай салғызды.  
Айшылық алыс жерлерден  
Көзіңді ашып-жұмғанша  
Жылдам хабар алғызды.

*Бібырай Алтынсарин*

\* \* \*

Құрышшы құрышына  
Күріш алды.  
Күрішші күрішіне  
Құрыш алды.

• *Сөздерді түбір мен қосымшаға ажыратқызу.*

\* \* \*

Шежіреші кісі шежіре айтты,  
Ішіндегі шежіресін шешіле айтты.

*Ескен Елубай*

\* \* \*

Шалғышы  
Шалғы алды.



Шаңғышы  
Шаңғы алды.

- *Түбірлес сөздердің астын сыздыру.*

**Терме диктант**

– Апай, кешіріңіз, кіруге бола ма? Кешігіп қалдым. Негізі, кешігейін деген жоқ едім. Көршінің кішкене баласы көшеде құлап, аяғын жарақаттап алыпты. Соны үйіне апарып тастадым.

- Демек, сөйттім де. Олай болса, кешірейін, отыр.
- Ендігөрі, қысқасы, енді кешікпеймін, апай.

- *Мәтіндегі қыстырма сөздерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Құм сағатта құм екі шыны сауыттан олардың тұтасқан тар мойыны арқылы бір-біріне алма-кезек сусып ағып тұрады. Ал механикалық сағаттың тек бір ғана сағаттық тілі болған. 1404 жылы Мәскеуде тұңғыш мұнара сағаты орнатылды. Маятник сағатын голландиялық ғалым ойлап тапқан. Су сағатын клепсидра деп те атаған. Мұнан бөлек тетіктері бойынша механикалық сағаттар, камертон, электрондық, атом, астрономиялық, қол, қабырға, үстел, қалта сағаттар да болады. Қазіргі кезде кварц сағаты үлкен сұранысқа ие.

- *Мәтіндегі сағат түрлерін теріп жаздыру.*

**Шығармашылық диктант**

Бала... қар күреді,  
Қар... аула... ары күреді.  
Күрег... бардың бәрі қар күреді.

\* \* \*

Қарағай... дәрі... қасиеттері бар. Оның бұршіктер... әртүрлі аурулар... емдеуге пайдаланылған.

Қарағай орман... хош иісті келеді. Ондағы ауа адам ағза... үшін өте пайдалы.

- *Көп нүктенің орнына тиісті жалғауларды қойып жаздыру.*

## **Бақылау диктанты**

### **Күн сағаты**

Бұрын уақытты күннің көмегімен анықтаған. Мұндай сағат күн сағаты деп аталған. Сағат тілінің орнына таяқшаны пайдаланады. Тігінен шаншылған таяқшаны айнала шеңбер сызылады. Шеңберді он екі сағатқа бөледі. Бірақ мұндай сағаттар бұлтты күндері, түнде уақытты көрсете алмайды. Сондықтан адамдар уақытты анықтаудың басқа жолдарын қарастыра бастаған. Сөйтіп, су сағатын ойлап тапқан. (49 сөз)

### **Су сағаты**

Су сағатында су бір ыдыстан екінші ыдысқа бірқалыпты тамшылап құйылып тұрады. Мұндайда көрсеткіш тілі бар қалтқы жоғары көтеріліп немесе төмен түсіп тұрады. Сонда уақыттың дәл мезгілін көрсетеді. Бұл сағат уақытты күндіз де, түнде де көрсете береді. Тек суын еселеп отыру керек. (41 сөз)

### **Сағат**

Сағат – аса нәзік, өте дәл механизм. Сондықтан да сағат құрастыру арқылы адам баласы дәлдігі жоғары құралдар жасауды үйренді. Жүректің соғуы, күннің шығуы мен батуы, жыл мезгілдерінің ауысуы. Күн мен түннің алмасуын, Күн мен Айдың қозғалысын бақылай отырып, жылды айларға, айды күндерге, күнді сағаттарға бөлген. (44 сөз)

## **СӘУЛЕТ ӨНЕРІ**

### **СӨЙЛЕМ**

#### **Сөздік диктант**

Сәулет, архитектура, құрылыс, техника, ескерткіш, мұнара, мешіт, мәдениет, ғимарат, суреткер.

\* \* \*

Колизей, Рим, Түркістан, Тараз, Отырар, Грекия, Афина, Шарын, Сығанақ.

#### **Көру диктанты**

Болашаққа бастаған  
Шарықтайды асқақ өн.

Елордасы Отанның  
Мақтанышым – Астанам.

**Өздік диктант**

**Алтын адам**

Алтын адам ескерткіші Есік қорғанынан табылды. Оны алғаш әлемге танытқан ғалым Кемел Ақышев болды. Бұл обаға 5–6-ғасырда өмір сүрген сақ жауынгері жерленген. Оның киімі алтын әшекейлермен безендірілген. Қару-жарағы, сақинасы да алтын.

**Терме диктант**

Серік атасына еріп егіс даласына келді. Күрішшілерге көмектесті. Бірде ол тамақтанып отырған. Ыбырай ата оған таяу келді де:

- Е, батыр, неғып отырсың? – деді.
- Демалып отырмын. – Жанына келген адамның кім екенін танымаса да, ол үлкен адамша қысылмай жауап берген.
- Өзің кімнің баласысың? – деп сұрады Ыбырай ата.
- Мен Ыбырай атаның баласымын, – деді Серік тағы да салмақпен.
- Бәрекелді, жарайсың, өзің жақсы бала екенсің! – деді Ыбырай ата.

*«Балдырған» журналынан*

- *Сұраулы және лепті сөйлемдерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Отырар – қазақ халқының ең көне қалаларының бірі. Фараб түркі тілінен аударғанда «сулы қоныс» деген мағынаны білдіреді. Отырардың орнында бұл күндері басыбүтін жалғыз қалған құрылыс – Арыстан баб ғимараты. Ол – ортағасырлық әсем де көрнекті ғимарат. Арыстанбаб мазары Сайрамдағы Әбділәзіз баб, Баба атадағы Ысқақ баб ескерткіштеріне ұқсайды.

- *Мәтіннен сәулет өнеріне қатысты сөздерді теріп жаздыру.*

**Шығармашылық диктант**

Әсел (қуыршақ) ойнағанды жақсы көреді. Ол (қуыршақ) көйлек тікті. (Қуыршақ) түрі әдемі болып шықты. Қуанған Әсел (қуыршақ) анасына көрсетті.

- *Жақшадағы сөзді сөйлемнің мазмұнына қарай өзгертіп жаздыру.*

\* \* \*

Ауыл маңы қалың қайың. Аң көп. Қар жауды. Айнала тегіс аппақ. Аңшылар аңға шықты.

• *Хабарлы сөйлемді сұраулы және лепті сөйлемге айналдырып жаздыру.*

\* \* \*

Шота Уәлиханов, құрметті, сәулетші. Ол, дүниеге келген, Ақмола облысында. Мүсінші, Сергебаев Ескен. Мұхтар Әуезовтің, жасаған, ескерткішін.

• *Орны ауыстырылып берілген сөздерден сөйлем құрап жаздыру. Тиісті тыныс белгілерін қою.*

\* \* \*

... – Қазақстанның тұңғыш астанасы. Ол кезде қала қазақ жерінің құрамдас бөлігі болып саналатын. ... – Қазақстанның екінші астанасы болған қала. Ақ күріштің атасы – Ыбырай Жақаевтың туған жері, табиғаты сұлу жер. Алатаудың етегіндегі ... – еліміздің үшінші астанасы. Мұнда сәулет өнерінің тамаша ескерткіштері болып табылатын көрнекті ғимараттар өте көп. Азиядағы әйгілі, болашағы жарқын бас қаламыз, еліміздің қазіргі астанасы – ... қаласы.

• *Көп нүктенің орнына Қазақстанның астаналары болған қала атауларын қойып жазу.*

### **Ескерту диктанты**

Бурабай – Көкшетаудағы ең әдемі көл. Оның суы тұщы, өрі мөлдір. Көлдің айналасы қарағайлы және қайыңды орман. Ауасы өте таза. Табиғаты ерекше. Сол себепті көлдің жағасында көптеген демалыс орындары бар. Бурабайды халқымыз мақтанышпен айтады.

\* \* \*

Астана – мемлекеттің саяси, әкімшілік, экономикалық, мәдени орталығы. Әсем Есілдің бойында Президент сарайы, Парламент ғимараты, Еуразия университеті, Жастар сарайы орналасқан. Күн сайын көп қабатты тұрғын үйлер мен биік ғимараттар бой көтеріп келеді. Парламент үйінің алдында үш бидің ескерткіштері халқын болашаққа бастап тұрғандай.

## СӨЙЛЕМ МҮШЕЛЕРІ

### Көру диктанты

1. Болат қайнауда шынығады,  
Батыр майданда шынығады.
2. Еңбексіз іс бітпейді,  
Еріншектің қолы жетпейді.

• *Бастауыш пен баяндауыштың астын сыздыру.*

\* \* \*

Отан – туған үйіміз,  
Отан – туған жеріміз.  
Отан – ортақ үйіміз,  
Көңілді өн мен күйіміз.

*Ермек Өтетілеуұлы*

• *Сызықшаның қойылу себебін айтқызу.*

\* \* \*

1. Жақсының аты өлмейді,  
Ғалымның хаты өлмейді,  
Ұстаның заты өлмейді.
2. Қоян көлеңкесінен қорқады.

• *Тұрлаусыз мүшелердің астын сыздыру.*

### Терме диктант

Қыста қоян тоңбайды. Оны жұмсақ жүні тоңдырмайды. Қоян қар үстінде секеңдеп жүре береді. Оның белгілі мекені болмайды. Ол кез келген жерге жата береді. Көбінесе қардың астын, қалың шөптің арасын мекендейді. Ағаштың, бұтаның түбін паналайды.

• *Бастауыш пен баяндауышты теріп жаздыру.*

\* \* \*

Бейсен қарттың үйінің жанында бақ бар. Бағын айнала тақтаймен қоршаған. Онда жиырма түп алма ағашы өседі. Ағаштардың түбін айнала қазған. Топырағын майдалаған. Қарттың жеміс ағаштары көп. Ол бақты ұқыпты күтеді.

• *Бастауыш пен баяндауышты теріп жаздыру.*

## Шығармашылық диктант

... мектептен келе жатты. ... бір әжені көрді. ... шелекпен су алып келе жатыр екен. ... жақындағанда, ол шелегін жерге қойды. Әжейдің шаршағанын көріп, ... оған көмектесті.

- *Көп нүктенің орнына бастауышты қойып жаздыру.*

\* \* \*

Оқушылар мектепке ... Қоңырау ... Сабақ ... Бүгін – мұғалімнің туған күні. Біз мұғалімімізді туған күнімен ... Ол бізге ...

- *Көп нүктенің орнына баяндауышты қойып жаздыру.*

\* \* \*

Балалар апасына көмектесті. Малды суарды. Олар суды құдықтан тасыды. Құдықтың суы тұщы.

- *Тұрлаусыз мүшелерді тапқызу.*

\* \* \*

Қойдың жүнінен фабрикаларда әртүрлі мата тоқылады. Қойдың терісінен түрлі былғары иленеді. Одан аяқкиімдер тігіледі. Қойдың етінен түрлі тамақтар, консервілер дайындайды. Қойдың қозысын жақсы күту керек.

- *Жайылма сөйлемді жалаң сөйлемге айналдырып жаздыру.*

## Бақылау диктанты

### Сәулет өнері

Сәулет өнері – ғылым мен өнердің тоғысқан жері. Сұлулық сырын бойына сіңірген өнер туындысы. Ол мәдениет саласын құрайды. Сәулет өнері асқан шеберлікті қажет етеді. Қай елге барсақ та, ғажайып сұлулығымен көз тартатын ғимараттарды, сарайларды, мешіттерді, үйлерді көреміз. Сәулет өнері, яғни архитектура грек тілінен аударғанда «аға құрылысшы» деген мағына береді. (48 сөз)

### Архитектура

Адам баласы көне заманнан-ақ құрылыспен айналысқан. Олар үйді қамыстан, балшықтан, ағаштан, тал шыбықтардан салған. Тіпті су айдынына үй тұрғызып үйренген. Бұл техника, ғылым және өнермен байланысты. Адамдар сәулетті, әдемі өмір сүргілері келеді.

Сондықтан сәулет өнері адамдардың талғамына қарай дамып отырады. Сәулетшіге терең білім, суреткерлік ой керек. (46 сөз)

### Қарлығаш

Қарлығаштар әрқандай жерлерде тіршілік етеді. Олар бір-бірінен тұрпаты жағынан ерекшеленеді. Қыстау қарлығашының құйрығы екі айыр болады. Қала қарлығашы мен ін қарлығашының құйрығы оншалықты айыр емес. Қарлығаштар жерге жақын жүре алмайды. Оларға жерден ұшып көтерілу де қиын. Сондықтан олар жәндіктерді әуеде ұшып жүріп аулайды. Тіпті суды да ұшып бара жатып тұмсығымен іліп ішеді. (52 сөз)

*«Ол кім? Бұл не?» кітабынан*

### Мұз астындағы ұйқы

Қыстың алғашқы аязынан кейін көлдің бетін мұз басты. Су асты күңгірт тартты. Бұрын мұндайды көрмеген жас сазандар абыржып қалды. Кәрі сазан түсіндіріп жатыр. Аю сияқты сазан тұқымы да қыста тамақ жемейтінін айтты.

Кәрі сазан көл астында талай қыстаған. Көлдің терең жерлерінің бәрін білетін. Оның соңынан басқа сазандар ілесті. Бәрі терең бір қуысқа жиналды. Ұйқыға жатты. Су астын қараңғылық басты. (59 сөз)

*Максим Зверевтен*

## ӨНЕР

### Зат есім

#### Сөздік диктант

Домбыра, қобыз, жетіген, шертер, даңғыра, асатаяқ, үскірік, сыбызғы, сазсырнай, керней.

\* \* \*

Сабау, піспек, күбі, иінағаш, кебеже, абдыра, бақан, қамыт, оқтау, келі, келсап.

\* \* \*

Музыка, театр, спектакль, өнер, кино, сазгер, атақты, сәулетші, кейіпкер, бапкер.

#### Көру диктанты

Шағала көлін қорғайды,  
Шопан төлін қорғайды.

Егінші жерін қорғайды,  
Ер жігіт елін қорғайды.

*Өтебай Тұрманжанов*

\* \* \*

Теңізші болатын бала  
Бұлақпен ойнайды.  
Емші болатын бала  
Сынаппен ойнайды.

*Өтебай Тұрманжанов*

- *Туынды зат есімдердің астын сыздыру.*

\* \* \*

Өнерлінің өрісі кең.

\* \* \*

Қол өнері – кілемде,  
Сөз өнері – өлеңде.

\* \* \*

Ақ лағым сүйкімді,  
Ойнағаны қызық-ақ.  
Келтіреді күлкімді,  
Маңдайымнан сүзіп ап.

*«Балдырған» журналынан*

- *Тәуелдеулі зат есімдерді тапқызу.*

\* \* \*

Анаң – күнің, жүрегің,  
Өкең – өмір тірегің.  
Сен бақытты ұлансың,  
Бәрі саған қуансын!

*Мұрат Қуанышбеков*

1. Ата өнері – балаға мұра.
2. Өнеріне қарай – өрнегі.

- *Тәуелдеулі зат есімдердің астын сыздыру.*



## Терме диктант

### Қазақстанның таулары

Қазақстанда Алтай, Тарбағатай, Жоңғар және Іле Алатауы бар. Тау биіктеген сайын ауа райы салқындайды. Ауаның қысымы кемиді. Ауа таза болады. Биік тауларда мәңгі қар жатады. Таудан мөлдір бұлақтар ағады. Таудың теріскей жағында неше түрлі шөптер өседі.

- *Жалқы есімдерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Бүгін мектепте өнерпаздар концерті болды. Концертте екінші сыныптың биші қыздары мың бұрала биледі. Үшінші сыныптың өнші ұл-қыздары тамылжыта өн шырқады. Төртінші сыныптың күйшілері «Кеңес» күйін ойнап, көрермендерді өнерлерімен тәнті етті. Сән үлгісін көрсетуші қыздар күзгі киім үлгілерінің топтамасын көрсетті.

- *Мәтіндегі туынды зат есімдерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

### Біз ойнаймыз, ойнаймыз

Кеме жасап, теңізде  
Балық аулап ойнаймыз.  
Кенші болып кен іздеп,  
Тауды барлап ойнаймыз.  
Құрылышы, сәулетші,  
Малшы болып ойнаймыз.  
Теміржолшы, жұмысшы,  
Өнші болып ойнаймыз.

- *Өлеңдегі туынды зат есімдерді теріп жазу.*

\* \* \*

### Қанша кісі?

Атам, әжем, ағаммен,  
Әкем, інім және мен,  
Анам және енесі,  
Енесінің бөлесі –  
Отыр едік шай ішіп,  
Жеңгем кірді майысып,

Арқасында – кіші інім.  
Саны қанша, айта ғой,  
Үйдегі бар кісінің?

*Сұлтан Қалиев*

\* \* \*

Атам – бал омартасының күзетшісі. Бір күні бұтаның түбінен қоянның көжегін тауып алды. Көжекті маған әкеп берді. Мен көжекті асырадым. Көжегім қолға өбден үйренді. Қайда барсам да соңымнан қалмайтын болды.

\* \* \*

### **Ахмет Байтұрсынұлы**

Көлдің аты естілмейді күйден кем:  
Ақын, ғалым Ахмет туған Ақкөлде,  
Сол атадан үйренген  
Атаң,  
Әжең,  
Әкең,  
Шешең,  
Әпкең де...  
«Әліппенің», өлең-жырдың ұстасы,  
Ахмет ата – бүкіл халық ұстазы.

*Мұзафар Әлімбаев*

• *Тәуелдеулі зат есімдерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

### **Адамның күні адаммен**

Сүт саумаса сауыншы,  
Аш жатпай ма қауыншы?  
Киім тікпей тігінші,  
Не киеді сиыршы?  
Емдемесе дәрігер,  
Жадырай ма кәрілер?  
Үйретпесе тәлімгер,

Не біледі сәбилер?  
«Адамның күні адаммен!» –  
Нақылға сол нанам мен.

*Мұзафар Әлімбаев*

\* \* \*

### **Сегіз сері**

Сендей жан туса туар бір ғасырда,  
Бар екен сегіз қасиет бір басында:  
Сал, сазгер, ақын, әнші, батыр, аңшы,  
Қолбасы һәм мәрт – сегіз расында!

*Мұзафар Әлімбаев*

\* \* \*

Тау мен тасты қопарар  
Кенші болғым келеді.  
Достық сәлем апарар  
Елші болғым келеді.  
Бармағынан бал тамған  
Аспаз болғым келеді.  
Алар озып бөйгені  
Малшы болғым келеді.

*Мұхтар Құрманалин*

• *Туынды зат есімдерді теріп жаздыру.*

### **Шығармашылық диктант**

1. Ғарыш... аспан әлемін зерттейді. 2. Жүргізу... түрлі қашықтыққа жүк жеткізеді. 3. Менің апам – тігін... . 4. Серіктің атасы – зейнет... . 5. Ас... еңбекпен өндіріледі. 6. Біз біл... нәрімен суындаймыз.


• *Көп нүктенің орнына туынды зат есім жасайтын жұрнақтардың тиістісін қойдырып жаздыру.*

\* \* \*

Өнер, саз, сән, сурет, дәрі, кәсіп.

• *Негізгі зат есімдерді туынды зат есімдерге айналдырып, сөйлемдер құрастырып жазу.*

## Графикалық диктант



## Өздік диктант

Өнер – өзен, жан-тәніңді шаятын,  
Өнер – өріс, рухыңды жаятын.  
Өнер – өмір, өлділейтін сананды,  
Өнер – өткел, серуендейтін саятың.

## Бақылау диктанты

### Күй

Қазақ музыка өнерінің өркен жайған саласы – күй. Ол қобыз, домбыра, сыбызғы аспаптарында тартылады.

Қазақ күйлері төкпе күйлер және шертпе күйлер болып бөлінеді. Төкпе күйлер екпінді, төкпелі тартылады. Ал шертпе күйлер тәтті мұң мен қоңыр сазға, ойлы сырға толы болып келеді. Мұндай күйлер Сүгір, Тәттімбет шығармаларында кездеседі. Төкпе күйлерді Құрманғазы, Дина шығарған. (51 сөз)

*«Білгенге маржан» кітабынан*

### Өнер

Өр адамның жүрегінде бір сиқырлы сандық бар. Бұл ғажайып сандықта түрлі армандар, мақсаттар болады. Сандықтың түбінен жарық жұлдыздай жарқ етіп шығатын бір нәрсе бар. Бұл тамаша нәрсенің аты – өнер.

Өнер – адамның бойындағы белгілі бір құдірет күші. Адамның бойындағы дарын, талант деген осы. Өнер жан-жақты болады. Өнерлі адам өрге жүзеді. (49 сөз)

### Қазақтың бұлбұлы

Күләш Байсейітова – қазақтың әйгілі әншісі. Опера өнерінің негізін салушылардың бірі. Күләштің әншілік өнерге бейімділігі жа-

сынан байқала бастаған. Оның бойындағы қабілеттің ұшталуына әкесі Жасынның әсері зор болған. Мектепте көркемөнерпаздар үйірмесіне белсене араласқан. Жасынан өнер байқауларында әншілік дарынымен көзге түскен. Туа біткен әншілік қабілеті Күләштің сахна өнері үшін жаралған жан екенін әйгілей түсті. (51 сөз)

## АТАҚТЫ ТҮЛФАЛАР

### Етістік

#### Сөздік диктант

Хан, би, батыр, ағартушы, жырау, жыршы, жазушы, қайраткер, ғалым, саясаткер.

\* \* \*

Бағала, қолда, тұздады, сана, тағала, қапта, тазала, жөнделді, желбіре, гүлдейді.

\* \* \*

Абай, Ыбырай, Шоқан, Дінмұхаммед, Қаныш, Қасым, Мұхтар, Әбілхан, Нұрсұлтан.

#### Көру диктанты

### Әнет баба

Әнет баба – бар қазақтың данасы,  
Тәуке ханның ақылшысы, атасы.  
Төле биге бата берген жасында:  
«Әділдікпен, – деген, – мерей табасың!»

\* \* \*

### Төле би

Бата алған Әнет бабадан  
Бабамыз біздің Төле би.  
Көреген ақыл дана адам –  
Көшбасшы, қазы, төбе би.

*Мұзафар Әлімбаев*

\* \* \*

### Құрманғазы

Екпіні қатты дауылдай,  
Күйлері жаршы дабылдай.  
Есімі Құрман атаның  
Даңқтың биік тауындай.

• *Өлеңдегі атақты адамдар жайлы білетіндерін айтқызу.*

### Терме диктант

#### Әл-Фараби

Отырарда туыпты,  
Білім жолын қуыпты,  
Астроном, музыкант,  
Философ та болыпты.  
Математик әрі ақын,  
Ғылым бағы қоныпты.  
Талай ғасыр өткенде  
Ұрпағымен жолықты.

\* \* \*

Қорғайды елін сақ батыр,  
Керек болса жан қия.  
Қашанда алғы сапта тұр  
Біздің даңқты армия.

*Исрайыл Сапарбай*

• *Етістіктерді теріп жаздыру.*

### Ескерту диктанты

Балуан Шолақ – палуан, әнші, сазгер, сан қырлы өнер иесі. Шын аты – Нұрмағамбет. Жас кезінде қолының бас бармағы отқа күйіп, содан «шолақ» атанған. Кішкентайынан атқұмар болып, теңге ілу, сайыс, көкпар ойындарында алдына жан салмаған. Біржан сал мен Ақан серіні өзіне ұстаз тұтқан.

\* \* \*

Ыбырай Алтынсарин – қазақтың көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы. Балалар әдебиетінің атасы. Қазақ балаларына арнап ең алғаш мектеп ашты.

## **Шығармашылық диктант**

Сөйлемейді, шаппайтын, қорықпайды, қайтпайды, кеспейтін, тайсалмайтын.

• *Берілген етістіктерді мына сөздермен тіркестіріп, сөйлемдер құрастырып жаздыру:* қайсар, ержүрек, өжет, өтпес, момын, шабан.

## **Бақылау диктанты**

### **Бауыржан**

Бауыржан Момышұлы – халқымыздың аты аңызға айналған даңқты батыры. Жасынан оқуға зерек болды. Есеп сабағына өте қабілетті болды. Мектеп бітірген соң, мұғалім болып жұмыс істеді. Соғыс басталғанда елі мен жері үшін майданға аттанды. Соғыста дарынды қолбасшы, ержүрек батыр екенін көрсетті. Сонымен бірге дарынды жазушы. (43 сөз)

### **Мүсіреповтің мұражайы**

Бұл мұражай – жазушының әдеби мұрасына арналған мәдени мекеме. 1991 жылы Орталық мұражайдың бір бөлімі ретінде ашылды. Ғабит Мүсіреповтің мұражайы әдеби және мемориалдық бөлімнен тұрады. Онда төрт мыңнан астам экспонат жинақталған. Әдеби бөлімде фотосуреттер, кітаптар, хаттар, марапаттау қағаздары сақталған. (38 сөз.)

### **Батырмен кездесу**

Үйге кірдік. Тәрде қырандай қомданып, бір кісі отыр екен. Айбатты, түсі суық.

– Батыр ағаңа сәлем бер, – деді Қарақұл ата баласына. Өзі батырдың оң жағында отыр. Ол кісі Бауыржанның батырлығын жырғып айтатын. Батырды өте жақсы көретін. (36 сөз)

*Әміртай Бөриев*

## **СУ – ТІРШІЛІК КӨЗІ**

### **Сын есім**

## **Сөздік диктант**

Бұлақ, бастау, өзен, көл, теңіз, мұхит, арал, дария, тұңғиық, айдын, шалқар, толқын.

\* \* \*

Су, суат, сусын, суқойма, сулы, сулық, суландыру, суғару, судай, суағар.

### Көру диктанты

Көлдің көркі – құрақ,  
Таудың көркі – бұлақ.

\* \* \*

Өзен жағалағанның өзегі талмас.

\* \* \*

Көл тартылса, құс қашар.

\* \* \*

Өзен ұзақ ағады бұлағы болса басында,  
Іздеген бақыт табады жалықпаса жасында.

\* \* \*

Сулы жер құрақсыз болмас,  
Таулы жер бұлақсыз болмас.

\* \* \*

Су – ырыстың көзі,  
Еңбек – кірістің көзі.

- *Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіндіру.*

### Терме диктант

Су – тіршілік негізі,  
Онсыз өмір сүрмейсің.  
Тазалықтың егізі  
Су деп және білгейсің.

Су – табиғат байлығы,  
Өзен-көл деп білгейсің.  
Кемі екі рет әр күні  
Суды ішіп жүргейсің.

- *Өлеңдегі суға айтылған теңеулерді теріп жаздыру.*



\* \* \*

**Мен де балғын гүлмін!**

Арасында гүлдің,  
Ойнап бүгін жүрдім.  
Қызыл, көкшіл, сары –  
Өп-өдемі бәрі.  
Бірі сондай ірі,  
Ал нәп-нәзік бірі.  
Дейтін көкем: – Күнім,  
Дейтін апам: – Гүлім.  
Енді ғана білдім –  
Мен де балғын гүлмін!

*М. Байсариева*

- *Сын есімдерді теріп жаздыру.*

### **Үйрек**

Үйрек – суда жүзетін құс. Көлдердің суы саяз жерлерінен қорегін өзі тауып жейді.

Үйректі қолда өсіру тиімді. Өйткені олар тез өседі. Асыранды үйрек дәмді етімен бағалы. Оның үлпілдеген мамығы да пайдалы.

- *Сын есімдерді байланысып тұрған зат есімдерімен бірге теріп жаздыру.*

### **Шығармашылық диктант**

... көрсең көзін аш,  
Сауабына қаларсың.  
... ішсең қанып іш,  
Бой сергітіп аларсың.

\* \* \*

... бойы тұрғанда  
Өзге жерге қонбаңыз.

**Керекті сөздер:** суын, бұлақ, өзен.

\* \* \*

Су ішкен құдығыңа ... . Түнде суға ... . Түнде судың бетін ашық  
... . Өзен, көлдерді ... .

**Керекті сөздер:** барма, түкірме, ластама, қалдырма.

• *Көп нүктенің орнына керекті сөзді тауып жаздыру.*

### Графикалық диктант



– ел мен ел арасындағы үлкен мәселелерді шеше білген ханның кеңесшісі;

– қаһарлы хан, сұлтандардан именбейді;

– айтқан әрбір сөзі төгіліп тұрған жыр, тәлім;

– барлық даулы мәселелерде айыптаушы, ақтаушы қызметтерін атқара алушы төбе би;

– от ауызды, орақ тілді сөз зергері;

– көпті көрген, көкірегі ояу, болашақты болжап, көре-көре көсем болған.

• *Биге берілген теңеулердің тұсына сәйкес келетін нұсқасын жазып, туынды зат есімдер мен туынды сын есімдерді, болымсыз етістікті табу.*

### Бақылау диктанты

#### Су – тіршілік көзі

Су – тіршілік көзі. Сусыз өмір жоқ. Су жердің төрттен үш бөлігін алып жатыр. Өзен, көл, теңіз, мұхиттарды құрайды. Аспаннан жаңбыр түрінде түседі. Күн суытқанда су қатып, мұзға айналады. Мұз бен қар – судың қатты күйі. Бу – судың газ түріндегі күйі. Судың өзіне тән қасиеттері болады. Ол мөлдір, иіссіз, дәмсіз, пішіні жоқ, ақшыл, сұйық болады. (53 сөз)

#### Судың пайдасы

Су адам ағзасына пайдалы. Ол дене температурасын тұрақты ұстайды. Азық пен ауаны тасымалдайды. Дәруменнің және мине-

ралдардың таралуына көмектеседі. Денені жарақаттанудан қорғайды. Жасушалардың және бұлшық еттердің бірігуін қамтамасыз етеді. Теріні ылғалдандырады және сауықтырады. (32 сөз)

### **Балқаш**

Балқаш – еліміздегі ең ірі көлдердің бірі. Ол көне түркі тілінде «балық» деген мағынаны білдіреді. Көлдің батысының суы тұщы, ал шығысының суы ащы. Көлге негізгі суды Іле өзені құяды. Суының деңгейі бірде көбейіп, бірде азайып отырады. Мұнда балықтың сазан, көксерке, ақмарқа, ақбалық деген түрлері кездеседі. (44 сөз)

### **Теңіз жануарларының маңызы**

Мұхит – бүкіл өмірдің қайнар көзі. Ол жер климатының тұрақтылығын сақтайды. Теңіз тіршілігі адам үшін мол азық және шикізат көзі болып табылады. Сонымен қатар ол дүниежүзі бойынша демалыс пен туризмнің дамуына септігін тигізеді. Адамдардың тұтынуымен қатар, теңіз жануарлары судағы тіршіліктің өртүрлілігі үшін де маңызды. Теңіз жануарлары – дәрі-дәрмектің қайнар көзі. (48 сөз)

### **Сан есім**

#### **Сөздік диктант**

Бесінші, он сегіз, жиырма, екі, қырқыншы, жетпіс, тоқсан үшінші, бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жыл.

#### **Көру диктанты**

#### **Өтірік өлең**

Айдағы бір түбекті  
Мекен еткен үйректі  
Іздеп барып бес түлкі,  
Мөз боп он күн билепті.

*Әли Ысқабай*

#### **Терме диктант**

#### **Жұмбақтар**

Төрт аяқтап жүрсе де,  
Тірлікте бір озбаған.  
Жүз жыл бойы кесе де,  
Кәжекейі тозбаған.

\* \* \*

Жыл он екі ай іші қыс,  
Тең келмес оған еш ыдыс.

\* \* \*

Жиырма үш жасар португалдық Антонио Гомеш Душ Сантуш дүниежүзілік жаңа бір рекорд жаңартты. Ол ешбір қимыл жасамай, бір орында 15 сағат 2 минут тұрған.

• *Сан есімдерді байланысқан сөздерімен қоса теріп жаздыру.*

### **Ескерту диктанты**

Ересек адамның денесінде 40–50 литр су болады. Қанның 83 пайызы, бұлшық еттердің 75 пайызы, мидың 74 пайызы, сүйектердің 22 пайызы судан тұрады. Денедің 20 пайыз су жетіспеушілігінің болуы өте қауіпті. Қажетті мөлшерде су ішпегенде мидың жұмыс істеуі баяулайды. Денеді болатын күніне 2–4 литр су шығынының орнын қайта толтырып отыру қажет.

### **Бақылау диктанты**

#### **Тұңғық жануарлары**

Мұхиттың түбінде өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін алуан түрі тіршілік етеді.

Мұхиттың тереңінде жыланбалық, кальмар, сегізаяқ, теңіз кірпісі және басқалар тіршілік етеді. Сегізаяқтың сегіз тармақ қолы болады. Ол теңіз түбінде оңаша өмір сүргенді жақсы көреді. Сегізаяқтың жүзден аса түрі бар.

Теңіз өрмекшілері де өмірін тұңғықта өткізеді. Оның 100-ден астам түрі белгілі. Көлемдері әртүрлі: 1–10 мм-ден 90 см-ге жететіндері кездеседі. (59 сөз)

*«Теңіз жануарлары» кітабынан*

#### **Тең бөліс**

Меруерт алтыда, Медет төртте. Екеуі де аталарын өте жақсы көреді. Аталары ертегі айтып береді. Келген сайын төтті де ала келеді.

Бұл жолы атасы әкелген алмасын екіге бөлді. Медеттің көзі алмада. Қай жартысын алғаны жөн? Бір жартысы молырақ та, екінші жартысы аздау көрінді. Медет алманың молдау жағын Меруертке ұсынды. Атасы немересінің ақылдылығына риза болды. (53 сөз)

*«Балдырған» журналынан*

## Қысқа дайындық

Қысқа аңдар мен құстардың барлығы да өзірленеді. Біріне қалың жүн өседі. Екінші біреуі азық жинайды. Үшіншісі денесіне май жинайды.

Пингвиндер қысқа қарай отыз бес килограмға дейін салмақ қосады. Оның 10–15 килограммы май болады. Сондықтан оған 60 градус суық әсер етпейді. Солар секілді қаз бен үйректің де суыққа төзімді қасиеттері бар. Ол – табандағы температураның төмендігі. Бұл құстардың денсаулығына қауіпті емес. Табандағы май олардың өмірін сақтайды. (65 сөз)

*«Ұлан» газетінен*

## ДЕМАЛЫС МӘДЕНИЕТІ. МЕРЕКЕЛЕР

### ЖЫЛ БОЙЫ ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

#### Демалыс мәдениеті. Мерекелер

##### Сөздік диктант

Мейрам, концерт, театр, саябақ, гүлзар, шипажай, бұрқақ, өткеншек, лагерь, серуен.

\* \* \*

Мәдениет, сыйлық, құттықтау, алғыс, ұйымдастырушы, саяхат, табиғат, демалыс, ашықхат.

##### Көру диктанты

Жас ұлан туристер –  
Бәрі іскер – мініскер.  
Қолдары жұмыскер,  
Аяғы жүріскер.

*Мұзафар Әлімбаев*

\* \* \*

Жаз жайнатып, күн күлдіріп,  
Біз лагерьге барамыз.  
Асыл жібек гүл үстінде

Аунап ойнақ саламыз.  
Күміс сулы, таза ауамен  
Дем аламыз, қайтамыз,  
Бар дауыспен өнге салып,  
Лагерь жырын айтамыз.

*Жұмағали Саин*

\* \* \*

Айналайын анашым,  
Ақылы асқан данасың.  
Дүниеде жоқ шығар  
Сенен өткен асыл жан.

*Абдырахман Асылбеков*

\* \* \*

Отансыз адам – ормансыз бұлбұл.  
Отан – оттан да ыстық.

### **Ескерту диктанты**

#### **Хайуанаттар бағында**

Балалар хайуанаттар бағына барды. Онда түрлі жануарлар мен құстар мекендейді. Жыландардың да сан түрі бар. Оларға керік пен қоңыр аю қатты ұнады. Керік ұзын мойнымен биік ағаштың жапырақтарын жұлып жеді. Балалар аюдың қалың жүні мен ұзын тырнақтарын көріп таңғалды. Маймылдардың әрекетін бақылау өте қызық болды.

#### **Терме диктант**

Оқушылар жазғы демалысқа шықты. Ауладағы балалар жазда қайда демалатындарын айтып, әңгімелесіп отыр. Үшінші сыныпты бітірген Жасын қарындасы Кәусармен бірге нағашы атасының ауылына баратынына қуанышты. Көршісі Шыңғыс ата-анасының қасында қалада қалса, Бейбарыс лагерьге баратынын айтуда. Нұрилла мен Әмина отбасыларымен Алакөлге суға шомылуға баратындарын айтып қуанып отыр.

• Мәтіннен балалардың демалатын орындарына қатысты сөздерді теріп жаздыру.

\* \* \*

### **Анашым**

Аймалаған баласын,  
Мейірбанды анасың.  
Сәл көрмесең сағынып,  
Құшағыңа аласың.

Айналайын анашым,  
Мызғымайтын панасың.  
Қай кез, қайда жүрсем де,  
Әнім болып қаласың.

Айналайын анашым,  
Көкте күн боп жанасың.  
Жылытады жанымды  
Күлімдеп көз қарасың.

Ай нұрынан жаралдың,  
Шапағат боп таралдың.  
Сенің сөнбес сәулеңнен  
Өмірлікке нәр алдым.

*Абдырахман Асылбеков*

- *Тәуелдеулі зат есімдерді теріп жаздыру.*

### **Саяхат**

Өткен жазда мен Қырымда болдым. Айналадағы ну орман, қалың қарағай, сымбатты кипаристер көз тартады.

- *Сын есімдерді теріп жаздыру.*

\* \* \*

Шөлден су табады,  
Отын да жарады.  
Отты да жағады,  
Дәмді жол тамағы!

*Абдырахман Асылбеков*

- *Етістіктерді теріп жаздыру.*

### **Өздік диктант**

Жарқырап жарқын жаз келді. Аспанды жырға толтырып қаз, үйрек те келіп жетті. Күннің шапағына шомылып гүл біткен ғажап түске енді. Қос қанаттарымен сан алуан гүлге қонып көбелектер жүр. Сіркіреп жаңбыр жауып өтсе, айнала жаңарып шыға келеді. Жаңбырдан кейінгі топырақ иісі тіпті керемет дерсіз.

### **Бақылау диктанты**

#### **Жайна, менің Қазақстаным!**

25 қазан – Қазақстан Республикасының мерекесі – Республика күні.

Әлемде талай жақсы жерлер мен мемлекеттер бар. Бірақ адамға ең ыстығы – Отан.

Қазақстан Республикасында туған адам осы мемлекеттің азаматы болып саналады. Қазақстанда тұратын әр азамат өз Отаны туралы көбірек білгісі келеді. (39 сөз)

### Көңілді демалыс

Мамыр айының соңы. Екі сыныптың оқушылары апайларымызбен табиғат аясына демалуға баратын болдық. Қуанышымызда шек жоқ. Күн жексенбі болатын. Таңертең бәріміз мектеп ауласына жиналды. Ауылдың шетіндегі Аққайың деп аталатын тау бөктеріне келдік. Үйден әкелген тамақтарымызды шығарып, бәріміз тамақтандық. Доппен түрлі ойындар ойнадық. Қыздар гүл теріп, апайларға сыйлады. Ән айтып, өлең оқыдық. Демалыс өте көңілді өтті. (54 сөз)

\* \* \*

Қазақстан – табиғаты көркем, жанға жайлы әсем жерлерге өте бай өлке. Жер жаннаты Жетісу, асқар шыңды Алтай, емдік қасиеті мол Алакөл, көрген көзді таңғалдырар Балқаш, суы балдай, шөбі шүйгін Баянауыл, ауасы шәрбат Қарқаралы. Біздің елдегі осы іспетті көрікті жерлерді айтып тауыса алмайсың. Шыңдары көкпен астасқан, құздары шатқалға ұласқан. Іле Алатауының қойнауы – табиғат ананың бізге берген баға жетпес сыйлығы. (57 сөз)

\* \* \*

Тамаша табиғат жаратылыстары – Алма-Арасан, Ақсай, Түрген шатқалдары, Маралсай. Бұл демалыс аймақтары – жаз маусымының жайма-шуақ күндерінде отбасымен уақыт өткізуге таптырмас мекен. Алма-Арасан шипажайы көптеген ауруларды емдеуде үлкен жетістіктерге жетіп отыр. (29 сөз)

\* \* \*

*Мәдениет* – латын тілінен аударғанда *өңдеу, егу* деген сөзден шыққан. Мәдениет – адам жасаған әлем сияқты «екінші табиғат». Мәдениет – адамдардың өмір сүрген ортасымен қарым-қатынасы. Мәдениет әртүрлі ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүруі жағдайына сәйкес болып қалыптасады. Қоғамда адам тілегінен тыс мәдениет қалыптаспайды. (41 сөз)



## МАЗМҮНДАМАҒА АРНАЛҒАН МӘТІНДЕР

### Нөсер

Бір топ бала Өтеген үйінің маңында ойнап жатқанбыз. Кенеттен аспанды қара бұлт торлап, жер-көк түнеріп сала берді. Шаң борап, дауыл көтерілді. Бәріміз жүгіріп қораға кірдік. Сол сәтте шиқылдаған дауыс естілді. Дауыс шыққан жаққа қарай бет алдым. Қораның түкпіріне жете бере, кілт тоқтадым. Шатырдың астына қарлығаш ұя салыпты. Ұяда шиқ-шиқ етіп балапандары жатыр. Дауыстары аянышты. Балаларды қасыма шақырдым. Есік алдында тұрған олар қасыма келді.

– Мына балапандардың үстіне тамшы тамып жатыр. Қайтсек екен? – дедім.

– Байғұстар тоңып қалыпты. Енелері қайда жүр екен? – деді бір бала.

Өтеген сыртқа қарай жүгіре жөнелді. Найзағай ойнап, күннің қатты күркірегеніне, шелектеп құйған жаңбырға қарамастан, төбеге шықты. Құстың ұясы орналасқан жердің үстін су ақпастай етіп бекітті. Жерге түсіп, қасымызға келгенде, үсті-басынан су сорғалап тұрды.

*А. Хамзин*

#### *Жоспар:*

1. Ауа райының аяқастынан бұзылуы.
2. Ұядағы балапандар үні.
3. Өтегеннің қайсарлығы.

### Асар

Кешкі ас үстінде Нартай атасы мен әкесінің әңгімесінен ертең Бекен ағасының үйінде асар болатынын естіп қалды. «Асар» деген не екен деп ойланып тұрды. Таңертең Бекен ағаның үйіне біраз адам жиналды. Бәрі жұмыс киімін киген. Құрал-саймандары қолдарында, сақадай сай. Нартайдың атасы қазылып, дайындалып қойған іргетас құйылатын орынға барып, аят оқыды. Бата берген соң қызу еңбек басталып кетті. Үлкендер терең қазылған ордың үстіне ағаш тақтайларды бір-біріне жалғап, қалып жасады. Ал жас жігіттер тау боп үйілген құмды жайып, ортасына су құйып, цемент араластырды. Сөйтіп, өлгінде ғана шөбі жайқалып, тыныш жатқан жер лезде сапырылысқа толды да кетті.

Сәлден соң Бекен аға үлкен қара қойды көлденең тартып: «Әумин», – деді. Нартайдың атасы бата берді. Аздан кейін анадай жердегі жерошаққа қарағанда, қой етінің қазанда қайнап жатқанын көрді. Астына жағылған лапылдаған отқа біреу қойдың басын үйітіп

жатыр. Осының бәрін зер сала қарап жүрген Нартай «асар» деген осы екен ғой деп түйді.

*Серік Нұғыман*

*Жоспар:*

1. «Асар» сөзін түсінбеген Нартай.
2. Қайнаған еңбек.
3. Атаның батасы.

### **Тасқа шыққан қызғалдақ**

Жексенбі күні Мейір ерте тұрды. Достарымен бірге қала сыртына жауқазын гүлін теруге барды. Түске таман оралды. Құшағын әдемі қызғалдақтар мен сарғалдақтарға толтырыпты. Үйге кіре сала гүлдерін үстел үстіне тастай салды. Сонан соң өзінің құпия шаруасымен айналысып кетті. Нұргүл ағасының тығылып бірдеңе істеп жүргенін сезді.

– Мен де көмектесейінші, – деп қиылды ағасына. Ағасы келісті. Нұргүл әлгі гүлдерді құшағына толтыра алып келді. Мейір оларды бір-бірден алып, сабағының түбін тегістеп қырқа бастады. Гүлдерді үлкен қоңыр керамика пластинкаларға шаншыды. Гүлдерді түгел шаншып бітірді. Түрлі түсті жылтыр тастарын да табаққа салып, үстінен су құйды. Бірі биік, бірі аласа болып, қызыл, сары гүлдер табақтың ішінен өсіп шыққандай құлпырып кетті.

Енді мына гүлдер көлшіктегі тастарды жарып өсіп шыққандай әсер берді. Ғажап! Нұргүл таңырқап, ауызын ашты да қалды.

– Мұны анамызға сыйлаймыз. Бұл жай құмыра емес, үйдің ішінде құлпырып тұрған табиғат көрінісі, – деп мәз болды ағасы. Екеуі қуанып, анасының келуін күтті.

*Бейбіт Қойшыбаев*

*Жоспар:*

1. Мейірдің жоспары.
2. Тасқа өскен гүлдер.
3. Нұргүлдің таңырқауы.
4. Ағасының мәз-мейрам болуы.

### **Шын дос**

Марат есебін шығара алмай басы қатып отырған. Сол сәтте ойына Самат түсті.

Жүгіріп Саматқа келді. Самат есебін шығарып қойыпты. Марат оны көшіріп алғысы келді. Бірақ Самат: «Көшіруге болмайды, ол жаман әдет. Өзің шығарып үйрен», – деп, дәптерін бермей қойды. Марат

досына ренжіп қалды. «Шын дос болсаң, көшіруге берер едің», – деп есікке қарай беттеді.

– Достым, кел, одан да есепті қалай шығарудың амалын үйретейін. Самат Маратты қоярда-қоймай үйіне ертіп кірді. Бұл күні екі дос ұзақ отырды. Марат Саматқа разы болып, үйіне қайтты. Ертеңіне үй тапсырмасынан екеуі де бес алды.

Осыдан кейін-ақ олар сабақты бірігіп дайындайтын болды. Бірте-бірте Марат екпінділер қатарына қосылды. Ол Саматтың шын дос екенін түсінді.

*Жоспар:*

1. Мараттың есеп шығара алмауы.
2. Саматтың дайын есепті көшіртпеуі.
3. Саматтың Маратқа достық көмегі.

### **Күтпеген оқиға**

Мақсұт әжесінің ауылына қыдырып барған болатын. Көршісінің баласы бар. Аты – Самат. Екеуі түйдей құрдас. Олардың жұмыс істегендері қызық. Бір күні бұлардың үйінің жұмысын істеп, келесі күні Саматтың үйінің шаруасын тындырады. Бейсенбі күні болатын. Мақсұттың әжесі жеті күлше пісірді. Мақсұт оны көрші-қолаңға таратып келді.

Бірде ол екеуі суға түсуге каналға барды. Суға бірінші қарғып түскен Мақсұтты ағыс ала жөнелді. Самат састы. Жалма-жан су жиегінде өсіп тұрған ағаштың ұзын бұтағын сындырып алып, жолдасына ұмтылды. Мақсұт ағаштың бір ұшынан ұстап жағаға шықты.

*«Балдырған» журналынан*

*Жоспар:*

1. Мақсұттың әжесінің ауылына баруы.
2. Көршінің баласымен достасуы.
3. Екі достың суға түсуге баруы.
4. Саматтың Мақсұтты судан шығарып алуы.

### **Соғыс ардагері**

Нұртай ата – соғыс ардагері. Ол ерте көктемнен қоңыр күзге дейін ауласында өсіп тұрған жалғыз жидені күтіп-баптайды. Тайыр мен Талғат мейірімді қартқа қолғабыс жасап көмектеседі.

Бір жолы Нұртай ата қатты ауырып қалды. Дәрігер оны орталықтағы ауруханаға алып кетті.

Бұл көктем кезі еді. Тайыр мен Талғат Нұртай аталарын естен шығарып алды. Бір күні Тайыр қарттың үйінің тұсынан өтіп бара жа-

тып, жиде ағашына көзі түсті. Ауланың ішіне бір бұзау кіріп кетіпті. Тайыр дереу бұзауды қуып шықты. Жиде ағашын суарды. Сонан кейін Талғатты қасына ертіп, шарбақтың бүлінген жерін жөндеді.

Нұртай ата сауығып үйіне қайтты. Аулаға кіріп келгенде, ең әуелі жиде ағашына көзі түсті.

– Уһ, мен ең алдымен осыны уайымдадым. Ешкімге тапсырып кетпегеніме өкіндім. Сендер менің сенімімді ақтадыңдар. Ағаш та адамның мәпелегенін аңсап тұрады, – деп қарт екеуіне мейіріммен қарады.

*Жолтай Әлмашев*

*Жоспар:*

1. Нұртай атаның жидені күтіп-баптауы.
2. Нұртай атаның ауруханаға түсуі.
3. Тайыр мен Талғаттың атаға қамқорлығы.
4. Нұртай атаның ризашылығы.

#### **Кепкен тоқаш**

Бекбол хоккей ойынын қызығып ойнайды. Көшедегі балаларға қосылып ойнағысы келеді. Бірақ олар мұны кішкентай деп қоспайды. Олардың шайбалары да жоқ, бос қалбыр, мұздың сынығы сияқтылармен ойнайды. Сонда да Бекбол сол балалармен ойнағысы келеді. Бірде балалар оны ойынға қосты. Бекбол секілді кішкене балалардың тұратын орны – қақпа.

Бекбол қақпада тұр, міндеті – шайбаны қақпаға кіргізбеу. Шайба қақпаға жақындап қалды. Осы сәтте Бекбол аңырып тұрып қалды. Балалардың ойнап жүрген «шайбасы» – кепкен тоқаш екен. Әжесінің нан қадірі туралы сөзі есіне түсті де, тиіспеді. Шайба қақпадан өтіп кетті.

Бекбол нанды қалтасына салып алды. Команда капитаны болып жүрген Аманқос жақындап келіп, таяғымен Бекболды түртіп жіберді.

– Қақпадан неге өткіздің? – деді.

– Нанмен ойнауға болмайды! – деді Бекбол.

– Бар, ендеше, бізбен ойнамайсың. Қарай гөр, ақылды бола қалуын!

Бекбол үйге қарай жүгіре жөнелді. Хоккей ойнамағанына өкінген жоқ. Басқа балалар да біраз үнсіз тұрды да, үйлеріне тарап кетті. Аманқос көшеде жалғыз қалды.

*Мұқамбетәлі Есмағамбетов*

*Жоспар:*

1. Ойынға қызыққан Бекбол.

2. Шайбаға айналған тоқаш.
3. Үзілген ойын (Аманқостың қателігі).

### Жыр алыбы – Жамбыл

Жамбыл Жабаев – қазақ халқының атақты ақыны, жыршысы, жырауы. Жамбыл тауының етегінде дүниеге келген. Әкесі Жабай мен анасы Ұлдан баласының атын өздерінің көшіп-қонып жүрген Жамбыл тауының атымен атаған.

Он төрт жасынан бастап өлең айтып, он бес жасында Сүйінбай ақыннан бата алған. Жасынан өншілігімен, ақындығымен әйгілі болған. Үлкен жиындарда ақындармен айтысып, үнемі жеңіп отырған. Ақын балаларға Отанды сүйуге, елін, жерін жаудан қорғауға арнап көптеген өлеңдер шығарған.

Жалғыз ұлы Алғадай соғысқа кетіп, майданда ерлікпен қаза табады. Жыршы ата қайғырып, жатып қалады. Сонда шәкірті Кенен ата келіп жұбатып, көңіл айтады. Жамбыл ата жүз жасқа қараған шағында қайтыс болған.

#### *Жоспар:*

1. Ақын есімінің Жамбыл атану себебі.
2. Жас Жамбылдың Сүйінбай ақыннан бата алуы.
3. Жыршының қайғысы.

### Жердің киесі

Ертеде бір бай баласының он үшке толған туған күніне арнап қонақтар шақырыпты. Қариялар дастарқан басында отырып, әңгіме айтты. Жастар көк шөп үстінде күш сынасып күресіпті. Жиналғандар балалардың өнеріне қол соғып, мәз болыпты.

Бірақ бай өз баласының бойынан ел мақтайтын қасиет таба алмапты. Ешқандай өнер көрсете алмаған баласы үшін бай ішінен ренжіп отырыпты. Жоқтықты көрмей, шалқып өскен жалқау баланың қолынан ештеңе келмейті. Бар білгені – жерге түкіру екен. Осы кезде байдың басына бір ой келіп, қуанып кетеді. Кім алысқа түкірсе, соған тайлақ беремін депті. Бұл жарыста бай баласы алдына жан салмайды. Жұлдені ұтып алады. Қуанғаннан әкесі тағы бір семіз қой сояды. Ішіп-жеп, тойғанына мәз болған халық бай баласын мақтап тарқапты. Кешқұрым жел тұрып, құм боран соғады. Үш тәулікке созылған дүлей дауыл мен оның ыстығынан көгорай шалғын құрап, құдықтарды құм басып қалады. Бұл неғылған дауыл деп ел таңғалады.

– Жер – біздің анамыз. Жерге түкіргендерің дұрыс болмады. Жерді ренжітуге болмайды, – дейді бір ақылды қарт. Жердің бетіне тиген түкірікті көздің жасы ғана жуа алады екен. Елдің айтуына

қарағанда, бүгінде сол жер шөлге айналған. Күн қақтаған далада тек қана түйегікен өсетін көрінеді. Ал халық болса қаңбақ сияқты әлі күнге дейін әр жерге көшіп-қонып жүр деседі.

*Жоспар:*

1. Бай баласының туған күні.
2. Ақылсыз ой мен ойын.
3. Тақырға айналған жер.

### Өрт

Күн сенбі. Сабақтан шыққан соң Мақсұт ауылдан он бес шақырым жердегі үйіне бармақшы болып жолға шықты. Ол әр демалыс сайын бір отар қой бағып жүрген әке-шешесіне көмектесетін. Мақсұт бүгін өте көңілді. Ол екі пәннен «бестік» алған. Содан ба, әйтеуір көңілі тым көтеріңкі.

Ауылға жақындағанда төменгі сайда көршілес отырған Аршабай деген шопан бар еді. Сол шопанның үйі лаулап жанып, өртеніп жатқанын көрді. Денесі түршігіп кетті. Мақсұт ойланбастан тура өртеніп жатқан үйге тартты. Үйдің ішінен шырылдап жылаған жас баланың дауысын естіді. Не істеу керек? Баланы қалай құтқарады? Өртті сөндіргенше бірталай уақыт кетеді. Босқа қарап тұрмау керек.

Ол дереу жалын шарпыған үй ішіне кіріп кетті. Қолы отқа қарылып, көйлегі де жана бастаған. Көк түтін арасынан әрең дегенде баланы тауып, далаға алып шықты. Беті-қолын аздап жалын шалғаны болмаса, бала аман екен. Көп ұзамай Мақсұттың да өрт оқиғасынан болған жаралары жазылып, мектепке келді.

*Сейілғазы Әбдікәрімов*

*Жоспар:*

1. Мақсұттың жолға шығуы.
2. Жолдағы оқиға/Шопан үйінің өртенуі.
3. Мақсұттың ерлігі/Баланы өрттен алып шығуы.

### ШЫҒАРМА ТАҚЫРЫПТАРЫ

Күз кереметтері  
Табиғат ғажайыптары  
Менің сүйікті жазушым  
Менің сүйікті ақыным  
Ардагерлер

Менің Қазақстаным  
Су – тіршілік көзі  
Өнерлі өрге жүзер  
Ана мейірімі  
Ынтымақ күні

## МАЗМҰНЫ

<b>Жанды табиғат</b> .....	3
Мәтін және оның түрлері.	
Тіл және сөйлеу.....	3
Қаратпа сөз және қыстырма сөз .....	4
<b>Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен</b> .....	6
<b>Ә, в, ф</b> дыбыстары .....	6
<b>Ч, щ, ц</b> дыбыстары .....	8
<b>Х, һ</b> дыбыстары.....	10
Сөйлеу мәдениеті .....	11
<b>Уақыт</b> .....	13
Сөз және оның мағынасы .....	13
Түбір мен қосымшаның жазылуы.....	16
<b>Сәулет өнері</b> .....	18
Сөйлем .....	18
Сөйлем мүшелері.....	21
<b>Өнер</b> .....	23
Зат есім .....	23
<b>Атақты тұлғалар</b> .....	29
Етістік .....	29
<b>Су – тіршілік көзі</b> .....	31
Сын есім.....	31
Сан есім.....	35
<b>Демалыс мәдениеті. Мерекелер</b> .....	37
<b>Жыл бойы өткенді қайталау</b> .....	37
<b>Мазмұндамаға арналған мәтіндер</b> .....	41
<b>Шығарма тақырыптары</b> .....	47

Оқу-әдістемелік басылым

**Уайсова Гүлнар Инаматқызы**  
**Бесірова Айкүміс Сайлауханқызы**

## **ҚАЗАҚ ТІЛІ**

**Диктанттар жинағы**

**Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып**  
**мұғалімдеріне арналған**

Редакторы *Ж. Қайранбай*  
Көркемдеуші редакторы *А. Капсаланова*  
Техникалық редакторы *Ү. Рысалиева*  
Корректоры *Е. Амангелді*  
Компьютерде беттеген *Д. Развинавичюс*

ИБ №014

Теруге 18.01.2018 берілді. Басуға 07.06.2018 қол қойылды. Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылыс. Өріп түрі «мектептік». Шартты баспа табағы 3,51.  
Есептік баспа табағы 1,99. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс №3517.

«Атамұра» корпорациясы» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 75.  
Қазақстан Республикасы «Атамұра» корпорациясы» ЖШС-нің Полиграфкомбинаты, 050002,  
Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.